



АКАДЕМИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

«Этноауыл және ұстахана»



БАСТАМАЛАУ НЕГІЗДЕМЕСІ

Райымбек ауданы Қақпақ ауылынан халықтың сұранысын қанағаттандырып, туристер тартып туризмді, ұлттық қолөнер бұйымдарын даярлауды дамыту және жетілдіру мақсатында этноауыл аймағын құру.

Бастамалау негіздемесі



1. Бұл жоба «Туған жерге тағзым» бағдарламасы бойынша іске асады.
2. Біздің елді мекенде қолөнер шеберлері, суретші жастар, ұсталар түрлі бұйымдар жасауға бейім.
3. Қақпақ, Көкбел ауылдары бойынша халық саны-2651 адам, оның ішінде 620 жас буын.
4. Жастардың осы салаға деген қызығушылығы артуда. Өздігінен қолөнермен айналысып түрлі бұйымдар жасап жүргендерде аз емес.
5. Алыс-жақын жерде жүрген танымал ауыл азаматтары және меценаттарымен кездесу өткізіп осы жобаны жан-жақты талқылау.
6. Ауыл ақсақалдарына арнап дастархан жайып батасын алу.

Біздің аудан туризм саласын дамытуға өте қолайлы. Атап айтқанда табиғаты сұлу таулы жерлер, өзен-көл, бұлақтарымен ерекше. Әлемге әйгілі Хан Тәңірі шыңының мәрмәр керегесі алыстан көз тартады.



ҰСЫНЫСТАР

Жобаның бағдарламасы

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында «Этноауыл және ұстахана» жобасын жүзеге асыру



Елбасының 2018 жылғы 10 мамырдағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда аңшылық-олжалық, экологиялық, этнографиялық және агротуризмді дамыту шараларын көздейтін туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасы;

"5 институционалдық реформаны іске асыру" Ұлт жоспары жөніндегі 100 нақты қадам", атап айтқанда туристік кластерлерді құрудың табысты тәжірибесі бар стратегиялық (негізгі) инвесторларды тарту шеңберінде индустрияландыру және экономикалық өсу бойынша институционалды реформаны іске асыру.



ҰСЫНЫСТАР

Жоба міндеттері

1. Жергілікті тұрғындармен кездесу өткізу (қаржы мәселесі)
2021 ж 1 наурыз - 10 наурыз
2. Заңдастыру жұмыстарын жүргізу. 2021 ж 10 наурыз-21 наурыз
3. Қажеттілікті анықтау үшін жергілікті әкімдікпен, қоғамдық бірлестіктермен кеңес өткізу 2021 ж 21 наурыз-2021 ж 1 сәуір
4. Жобаны әзірлеу үшін демеушілік қолдауды тарту 2021 ж 3 сәуір - 2021 ж 30 сәуір
5. Жобаны іске асыру үшін жарнама жасау (интернет, инстаграмм, фейсбук, БАҚ) арқылы 2021ж 1 мамыр - 2021 ж 1 шілде
6. Ұйымдастырушы топтармен жұмыс жасайтын адамдармен, волонтерлармен қарым-қатынас орнату. 2021 ж 5 мамыр-10 мамыр
7. Этноауыл аймағындағы құрылыс жұмыстары және абаттандыру.

Жобаны аяқтау 2021 ж 1 мамыр - 2021 ж 1 шілде





НӘТИЖЕЛЕР

Жобаның мақсатты көрсеткіштері

1. Күтілетін нәтиже: 2021 ж 1-шілдесінен салынып бітіп «Этноауыл және ұстахана» 25-30 жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтып халықтың сұранысын қанағаттандыру.
2. 2021 ж 1-шілдесінен бастап айына 60 адамды қабылдайды.
Ұстахана бойынша 10 адам оқытылады

Жобаның басымдықтары

1. Қазіргі таңдағы мұндай этноауылдардың аздығы және бұл этноауыл ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртады.
2. Әлеуметтік топтар (аз қамтылған отбасылар, асыраушысынан айырылғандар, мүмкіндігі шектеулі жұмысқа жарамды азаматтар, жұмыссыз жастар, көпбалалы отбасылар) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал етеді.
3. Өмірлік маңызы бар дағдыларды үйрету. Этноауыл салт-дәстүрлерімізді дәріптейтін ұлттық ойындарымызды дамыту, кеңінен жас ұрпаққа насихаттау.

Туристерге мәдениетімізбен қолөнерімізді танытатын мәдени туристік кешен болып табылады.





«Этноауыл және ұстахана» жобасын орындау жоспары

